

## **5. Оқу – материалдық активтер:**

**Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.)**

Мектеп Шымкент қаласы, Тассай шағын ауданы, 301/3 ғимаратында орналасқан жекеменшік мүлікке ие және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім саласында функцияларын жүзеге асыру үшін мектеп және іскерлік мекеме нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие шағын кәсіпкерлік субъектісі (жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) болып табылады. Серіктестіктің құрылтайшысы - Биданов Олжас Джахибович. «Шымкент қаласы білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Серіктестіктің тиісті саланың уәкілетті органы болып табылады.

Серіктестіктің фирмалық атауы: «ZIYATKER TURAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Мектептің материалдық-техникалық базасына 2 оқу корпусы кіреді.

Үш қабатты ғимарат және бес қабатты ғимарат. Серіктестікке 2022 жылы пайдалануға берілген - типтік. 2022 жылы «ZIYATKER TURAN» есімі берілген.

Мүліктің техникалық төлқұжаты негізінде: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, кадастрлық нөмірі 22:330:038:388 және 22:330:038:388:1 меншік құқығын дәйектейтін құжат.

А-ғимараты:

Қабат саны – 3

Құрылыс ауданы – 3098

Ғимараттың ауқымы – 34793

Жалпы алаңы – 6948,1

Қабырға материалы – шлакаблок

Салынған жылы – 2022 ж.

Б-ғимараты:

Қабат саны – 5

Құрылыс ауданы – 837,7

Ғимараттың ауқымы – 15916

Жалпы алаңы – 3948,4

Қабырға материалы – газаблок

Салынған жылы – 2025 ж.

Жобалық сыймдылығы – 1000, қазіргі таңда мектепте 894 бала білім алуда.

Мектеп бір ауысыммен жұмыс жасайды. Мектепте 59 мұғалім оның ішінде декреттік демалыста 7 мұғалім және 10 техникалық қызметкерлер жұмыс істейді.

Мектепте жылу жүйесі автономды, газ «ҚазТранГазАймақ» мекемесімен, су «Су ресурстары маркетинг» мекемесімен және жарық көздері «Энергопоток» орталығымен жасалған келісім шарт бойынша беріліп отырады және орталықтандырылған. Газ, су және жарықты есептеу қондырғылары кезекті кепілді тексерістен өткізіліп тұрады. Жыл сайын Серіктестіктің сұраныс талаптарына сай жоспарлаған қаржыға құрылыс материалдары алынып, ағымды жөндеу (әктеу, сырлау) жұмыстары жүргізіледі.

**2) Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):**

Мемлекеттік стандартты жүзеге асыру үшін келесі жағдайлар қарастырылған: Мектепте оқу үрдісіне 67 кабинет пайдаланылады, оның ішінде бастауыш сыныпқа арналған 17 кабинет, және пәндік кабинеттер: математика, физика, химия, биология, тарих, география, қазақ тілі, ағылшын тілі, информатика, үйірме кабинеттері: робототехника, сурет, қолөнер, музыка, шахмат, домбыраға арналған кабинеттер бар.

Сонымен қатар мектепте екі спортзал мен футбол алаңы бар.

Мектеп ауласында жүгіру алаңы мен спорт жаттығуларына арналған жабдықтар бар. Сабақ үрдісіне пайдаланатын спорттық инвентарлары (доптар, шахмат, футбол, баскетбол, волейбол сеткалары, үстел теннисі ракеткалары мен доптары т.б.) жыл сайын жаңартылып отырады. Спортзалда әжетхана, жуынатын душ, киім ауыстыратын бөлмелер қарастырылған.

Мектепте медициналық кабинет, логопед-дефектолог кабинеті, педагог-психолог және кәсіби бағдарлау кабинеті, техникалық қолдау кабинеті, оқу ісі жөніндегі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, методикалық кабинеттері және қабылдау бөлмесі қызмет жасайды.

Медициналық кабинет екі бөлмеден тұрады және жиһаз жабдықтармен толық, талаптарға сай жабдықталған.

Мектепте А корпусы бойынша 300 орынға арналған мәжіліс залы бар, ауданы – 485,1 м<sup>2</sup>. Мектепте Б корпусы бойынша 60 орынға арналған мәжіліс залы бар, ауданы – 98 м<sup>2</sup>. Сонымен қатар шаршы метрі 119,1 болатын кітапхана жұмыс жасайды.

Санитарлық тораптар бойынша 20 әжетхана (10 қыздарға, 10 ұлдарға) бар. Оның ішінде 71 орын унитаз, 35 раковина және әр әжетханаға жылы су жүргізілген.

Мектеп ауласында 206 дана бейнебақылау камерасы бар. А-корпуста іште 95, сыртта 13. Б корпуста іште 82, сыртта 9, КПП-да 7. Оның 30 данасы ДВД-мен бақыланады. 14 дана сыртта, 16 дана ішкі ғимаратты бақылайды. Сонымен қатар, төтенше жағдай кезінде қауіпсіздік күзетін шақыру үшін дабыл түймесі орнатылған. Бейнебақылау камераларына және өртке қарсы дабылқаққыш жабдықтары ай сайын техникалық тексеруден өткізіледі. Мектепте білім алушылардың және мектеп қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігін сақтау және мектеп ғимаратына бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу мақсатында күзет қызметкерлері жұмыс жасайды.

### **3) Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер:**

Мектепте медициналық стандарт талабына сай медициналық кабинет бар. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиялық талапта» санитарлық қағидаларының 11-қосымшаға сәйкес медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Мектептің медициналық кабинеті 1-қабатта орналасқан. Екпе және қабылдау бөлмелері бар. Медициналық қызмет көрсету үшін «Otau Med» ЖШС-мен келісім-шарт жасалған. Аталған мекеменің мектепте медициналық қызмет көрсетуге арналған лицензиясы бар (№22017859 берілген күні 28.09.2022).

Медициналық кабинет қажетті медициналық құралдармен жабдықталған. Мектептің медицина кабинетінің жұмыс жоспары әр оқу жылына жасалады. Оқушылардың денсаулығының көрсеткіштері, кабинеттер мен ғимараттың жарықпен қамтамасыз етілгенін, жылу және ауа тазалық режимін қалпында сақтауын қадағалау медицина қызметкерінің жұмыс мақсаты. Жаман әдеттермен күрес жүргізу және алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспарлы түрде өткізіледі.

**4) edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер:**

Домендік атауы: edu.kz Мектептің сайты: ziyatker-turan.edu.kz, ztbil.kz

**5) Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер:**

Мектеп фойесінде, сыныптарда, дәліздерде кілтпен жабылатын нөмірленген жеке тұтынуға арналған жабдықталған шкафтар бар. Мектептің оқу кабинетінде және әкімшілік кабинеттерінде мұғалімдер үшін жеке тұтынуға жабдықталған шкафтар бар.

**6) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер:**

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған. Мектеп ауласында, кірер есіктерде пандус орнатылған.

**7) Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер:**

Білім беру қызметінің сапасын арттыру және материалдық активтерді жаңарту мақсатында мектеп әкімшілігі жыл сайын құрылтайшыларға сұраныс беріп отырады. Атап айтқанда, химия, биология, физика кабинеттеріне жаңа модификациялық кабинеттер, жаңа үлгідегі жабдықтар, стендтер, жиһаздар, денешынықтыру, информатика, робототехника т.с.с. кабинеттерге керек құрал-жабдықтары мен интерактивті тақталар алынды.

**8) Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:**

Мектепте тамақтануды ұйымдастыруға арналған 380 орынды асхана бар. Жалпы ауданы 634,9 шаршы метр, (оның ішінде қол жуатын аумақ, тамақ ішетін зал), одан бөлек таратуы бар ас үй, ыдыс жуу бөлмесі, тамақ қоймасы, қойма, киім ауыстыратын орын, көкініс сақтайтын, ет-балық сақтайтын орын бар.

Асхана жиһаздармен және жабдықтармен жабдықталған. Асханада 4 дана электрлі пеші, 1 дана электрлі еттартқыш, 3 дана тоңазытқыш, 2 дана тоқтаба, 1 дана жаймасөрелік (витринный) тоңазытқыш, 3 дана ыдыс жуатын раковиналар, үстел мен орындықтар, су жылыту қазандығы, дизенфекциялауға арналған сыйымдылық, ыдыс қоятын сөрелер, киім ілетін шкаф бар. Асхана бейнебақылау камерасымен жабдықталған.

Қазіргі таңда бастауыш және жоғары сынып оқушылары таңғы, түскі, бесіндік аспен қамтылған.